

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қазан N 1526. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1999 жылғы 15 желтоқсанда Брюссель қаласында (Бельгия Корольдігі) қол қойылған Еуропалық Қауымдастық (ЕҚ) пен КБЕБ туралы халықаралық келісімдерде көрсетілген болат бұйымдарының Қазақстаннан ЕҚ-ға экспортына қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Бірлестік арасындағы хат алмасу нысанындағы келісімді іске асыру және Қазақстан мен ЕҚ арасындағы өзара сауданы кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 8-қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997 жылғы
30 маусымдағы
N 1037 қаулысына

8-қосымша

Экспорты Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес экспортқа арналған құжаттар бойынша жүзеге асырылатын тауарлар тізбесі

Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды	Негіздеме
1	2	3

Ені 500 мм-ден аспайтын	7211 23 990	1999 жылғы 15 желтоқсанда Брюссель қаласында (Бельгия
	7211 29 500	

орамдардағы 7211 29 900 Корольдігі) қол қойылған
көміртекті болаттан 7211 90 900 Еуропалық Қауымдастық (ЕҚ)
жасалған жалпақ прокат пен КБЕБ туралы халықаралық
келісімдерде көрсетілген болат
бұйымдарының Қазақстаннан
ЕҚ-ға экспортына қатысты
7211 23 910 сандық шектеулерсіз қосарлы
Бағдарланбаған бақылау жүйесін белгілейтін
түйіршікті электр- 7225 19 100 Қазақстан Республикасының
техникалық болаттан Үкіметі мен Еуропалық
жасалған жалпақ Бірлестік арасындағы хат алмасу
прокат 7226 19 100 нысанындағы келісім
7226 19 300
7226 19 900

Бағдарланған 7226 11 900
түйіршікті электр-
техникалық
кремнийлі болаттан
жасалған жалпақ прокат";

2) 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"экспорты Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес экспортқа арналған құжаттар бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі (8 - қ о с ы м ш а) " .

3) 3 - т а р м а қ т а :

"тауарлардың экспорты мен импортына лицензиялар" деген сөздерден кейін " , экспортқа құжаттар" деген сөздермен толықтырылсын;
"2-6 деген цифрлардан кейін ",8" деген цифрмен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының

күшіне енгендігі туралы ЕҚ-ны хабардар етсін және Еуропалық Қауымдастық комиссиясына пайдаланылатын мөрлер мен қол қою үлгілерін қоса алғанда, экспортқа арналған құжаттарды беруге және тексеруге уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының атаулары мен мекен-жайларын жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК